

Бекітемін
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің Ректор өкілі м.а. проф.доктор
Нажи Генч
« 26 » 09 2025 ж.

Бекітем
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің Ректор
Ж.Темирбеко
« 26 » 09 2025



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-029-2025

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрылымы туралы ережесі
факультет деңгейінде ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық департаментпен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер - Академиялық департамент директоры А.Бостанова
- Академиялық департамент директорының орынбасары
- Н.Гүмүш
3. Келісілді - Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің басшысы Е.Шахабаев
- Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
- Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры
- Мустафа Гиритлиоглу
- Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
- А.Ошибаева
Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Кырыкбаева
Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2025
5. Тексеру мерзімі - 2028

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым
Түркістан, 2025



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-029-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрылымы туралы ережесі факультет деңгейінде 1 нұсқа 26.06.2025		11 беттің 2-ші

МАЗМҰНЫ

1.	Қолдану саласы	3
2.	Нормативтік сілтемелер	3
3.	Терминдер, анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар	4
4.	Процедура сипаттамасы	4
4.1	Жалпы ережелер	4
4.2	Факультеттегі сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрамы	5
4.3	Негізгі қызмет бағыттары мен міндеттері	6
4.4	ІСКЖ жұмыс тәртібі	9
4.5	ІСКЖ құқықтары	9
5.	Жауапкершілік және өкілеттілік	9
6.	Өзгерістер енгізу тәртібі	10
7.	Келісу, сақтау және тарату	10
	Танысу парағы	12
	Өзгерістерді тіркеу парағы	13

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-029-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрылымы туралы ережесі факультет деңгейінде 1 нұсқа 26.06.2025		11 беттің 3-ші

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (бұдан әрі – Университет) факультеттеріндегі ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің (бұдан әрі – ІСҚЖ) құрылымын, органдарын, функцияларын және өзара әрекеттесу қағидаларын айқындайды.

1.2 Ереже Университеттің барлық факультеттеріне, кафедраларына, құрылымдық бөлімшелеріне, профессор-оқытушылар құрамына (ПОҚ) және білім алушыларына қолданылады.

1.3 ІСҚЖ – университет/факультет деңгейіндегі сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі, ол еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі (ESG) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз етуге арналған Халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделеді.

1.4 Факультеттің ІСҚЖ-ы білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамынан бастап университет/факультет басшылығына дейінгі барлық деңгейлерді қамтитын сапа мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

1.5 «Сапаны қамтамасыз ету» термині осы құжатта үздіксіз жетілдіру циклі шеңберіндегі барлық қызмет түрлерін сипаттау үшін қолданылады (яғни, сапаны қамтамасыз ету және жетілдіру қызметі).

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 ҚР «Білім туралы» Заңы (2025 жылғы 16 қыркүйектегі өзгерістермен).

2.2 ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (34-тармақ – ESG блоктары).

2.3 ҚР ҒЖБМ-нің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

2.4 ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы 4 шілдедегі №ҚР ДСМ-63 бұйрығы «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы».

2.5 ҚР БҒМ-нің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы».

2.6 Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етуге арналған еуропалық стандарттар мен нұсқаулықтар (ESG), 2015 жылғы мамырда Ереванда өткен министрлер конференциясында мақұлданған.

2.7 Университеттің Академиялық саясаты (4.4-бөлім – ІСҚЖ).

2.8 УЕ-ХҚТУ-002-2023 «Ішкі сапаны қамтамасыз ету ережесі».

2.9 УЕ-ХҚТУ-113-2025 «Академиялық комитет туралы ереже».

2.10 УЕ-ХҚТУ-011-2025 «Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясы туралы ереже».

2.11 Университет Жарғысы, стратегиялық даму құжаттары, ішкі нормативтік актілер (Реестр регламенті, Академиялық адалдық кодексі және т.б.).

3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

АС – Академиялық саясат;

ІСҚЖ – Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-029-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрылымы туралы ережесі факультет деңгейінде 1 нұсқа 26.06.2025		11 беттің 4-ші

ЖБЕК – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің еуропалық кеңістігі
ESG – Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен нұсқаулықтар;

АК – Академиялық комитет (кадрларды даярлау бағыттары бойынша);

ФСҚК – Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясы;

ОӘК – Факультеттің оқу-әдістемелік комитеті;

ТО – Тіркеуші офисі;

АТД – Ақпараттық технологиялар департаменті;

НҚА – Нормативтік-құқықтық актілер;

ББ – Білім беру бағдарламалары;

ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы;

ЕБШ – Еуропалық біліктілік шеңбері;

ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – Салалық біліктілік шеңбері.

4 ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Факультеттің ІСҚЖ жалпы құрылымы ESG-дің 10 стандартына толық сәйкес қалыптасады:

- сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- оқытушылар құрамы;
- оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- ақпаратты басқару;
- жұртшылықты хабардар ету;
- тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

4.1.2 Факультеттің ІСҚЖ Академиялық саясат, УЕ-ХҚТУ-002-2023 және осы Ереже рәсімдері арқылы жүзеге асырылады..

4.1.3 Негізгі нәтижелілік индикаторлары:

- ҚР ҒЖБМ Біліктілік талаптарының сандық және сапалық көрсеткіштері;
- университеттің ішкі кәсіби рейтингі, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының ұлттық және халықаралық рейтингтерінің сандық және сапалық көрсеткіштері;
- университеттің Даму жоспарының және оперативті жоспарларының сандық және сапалық көрсеткіштері.

4.2 Факультеттің сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрамы

4.2.1 Факультет деканы – факультеттің ІСҚЖ қызметін жалпы басқаруды жүзеге асырады;

4.2.2 Факультет кеңесі – факультет қызметін, соның ішінде факультеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін жалпы басқаруды жүзеге асыратын алқалық орган; саясатты, мақсаттарды және ресурстық қамтамасыз етуді бекітеді, сондай-ақ ғылым мен білімнің интеграциясын үйлестіреді.

4.2.3 Кадрларды даярлау бағыты бойынша академиялық комитет – барлық деңгейдегі кадрларды даярлау бойынша жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлейтін, оларды Реестрге тіркеуді қамтамасыз ететін, сондай-ақ ішкі және сыртқы сараптама

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-029-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрылымы туралы ережесі факультет деңгейінде 1 нұсқа 26.06.2025		11 беттің 5-ші

нәтижелері негізінде қолданыстағы білім беру бағдарламаларын аккредитациялау және жаңарту жұмыстарын ұйымдастыратын алқалық орган.

4.2.4 Факультеттің оқу-әдістемелік комитеті – оқу процесін оқу-әдістемелік құжаттармен және педагогикалық әзірлемелермен қамтамасыз ететін, студентке бағдарланған оқыту, оқыту әдістемесі мен бағалауды дамытуға ықпал ететін алқалық орган.

4.2.5 Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясы – факультеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға (ESG) сәйкес болуын бақылайтын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің сапасын қамтитын алқалық орган.

4.2.6 Формалды және формалды емес білім нәтижелерін, сондай-ақ кәсіби біліктілікті тану жөніндегі комиссия мен сараптама тобы.

- Тану жөніндегі комиссия – академиялық және әкімшілік персонал мен профессор-оқытушылар құрамының өкілдерінен қалыптастырылатын алқалық орган. Комиссия берілген өтініштер мен құжаттарды қарайды, олардың нормативтік актілер мен университет саясатына сәйкестігін қамтамасыз етеді, оқу нәтижелері мен біліктіліктерді тану туралы шешімдер қабылдайды.

- Сараптама тобы – мәлімделген оқу нәтижелері мен біліктіліктердің университеттің білім беру бағдарламаларымен салыстырмалылығын кәсіби бағалау үшін құрылады. Оның құрамына тиісті бейіндегі оқытушылар мен мамандар, сондай-ақ академиялық басқару өкілдері кіреді. Сараптама тобы қорытындылар мен ұсынымдар әзірлейді, олар Тану жөніндегі комиссияның шешімдер қабылдауы үшін негіз болып табылады.

4.2.7 Қажет болған жағдайда жұмыс топтары құрылады (академиялық адалдық, бағалау, инклюзия/цифрландыру, ресурстар, коммуникациялар, деректерді басқару бойынша).

4.3 Факультеттің ІСҚЖ қызметінің негізгі бағыттары мен міндеттері

4.3.1 Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат

Факультет деканы мен факультет кеңесі қамтамасыз етеді:

- факультет қызметін Университеттің сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатына сәйкестендіруді;
- факультет қызметін университеттің Даму бағдарламасы мен жедел жоспарларына сәйкес жоспарлауды;
- факультеттің ІСҚЖ басқару мен жетілдіруді;
- факультетте академиялық адалдықты қамтамасыз етуді.

4.3.2 Бағдарламаларды әзірлеу және бекіту

Кадрларды даярлау бойынша академиялық комитеттер:

- жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлейді және оларды Реестрге тіркеуді ұйымдастырады;
- білім беру бағдарламаларының жыл сайынғы өзіндік бағалауын жүргізеді және оларды жаңартуды бастамалайды;
- оқыту нәтижелерінің ЕБШ, ҰБШ, СБШ және кәсіби стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Факультеттің оқу-әдістемелік комитеті:

- бағдарламалардың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін әзірлейді және жаңартады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-029-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрылымы туралы ережесі факультет деңгейінде 1 нұсқа 26.06.2025		11 беттің 6-ші

4.3.3 Студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау:

- Факультет деканы мен факультет кеңесі оқу үдерісін нормативтік актілерге сәйкес ұйымдастырады;
- Факультеттің оқу-әдістемелік комитеті оқытудың және бағалаудың инновациялық әдістерін енгізеді;
- ФСҚК студентке бағдарланған оқыту үдерістерін бақылайды, шағымдар мен апелляцияларды қарау рәсімдерінің бар-жоғын және қолданылуын қадағалайды, білім алушыларға тұрақты сауалнама жүргізеді.

4.3.4 Білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау:

Факультет деканы мен факультет кеңесі:

- қабылдау, ауыстыру, қайта қабылдау, академиялық ұтқырлық рәсімдеріне қатысады;
- нормативтік актілерге сәйкес ағымдағы және межелік бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізеді;
- ФСҚК кафедра меңгерушілерімен бірге бағалау нәтижелерінің үлестірім қисығының (bell curve) қалыпты үлестірімге сәйкестігіне мерзімдік мониторинг пен талдау жүргізеді;
- Комиссия мен Сараптама тобы формалды және формалды емес білім беру нәтижелерін, сондай-ақ кәсіби біліктілікті тануды жүзеге асырады.

4.3.5 Профессор-оқытушылар құрамына:

- Факультет деканы мен факультет кеңесі ПОҚ-тың конкурсқа іріктелуіне, аттестациясына және біліктілігін арттыруына қатысады;
- Факультеттің оқу-әдістемелік комитеті оқыту мен бағалау әдістері мен стратегияларын таңдауда академиялық еркіндікті қолдайды;
- ФСҚК академиялық адалдықты бұзушылықтарды мониторинг жасайды.

4.3.6 Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі:

Факультет деканы мен факультет кеңесі:

- әрбір білім алушының оқу ресурстарына және қолдау қызметтеріне оқу кезеңі бойы қолжетімділігін қамтамасыз етеді;
 - білім алушылардың өзіндік жұмысына оңтайлы жағдай жасайды;
 - студенттік өзін-өзі басқару мен университет өміріне белсенді қатысуға серіктестік жағдай жасайды;
 - салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру мен нығайтуға қолайлы жағдай жасайды;
 - білім алушыларға оқу мен тұру үшін қолайлы жағдай жасайды;
 - инклюзивтілік, академиялық және әлеуметтік қолдау қамтамасыз етіледі.
- ФСҚК:
- білім алушылардың қанағаттану деңгейін анықтайды.

4.3.7 Ақпаратты басқару:

Факультет деканы мен факультет кеңесі:

- факультеттің барлық қызмет бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын және үдерістерді тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинау, талдау және пайдалану рәсімдерін айқындайды;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-029-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрылымы туралы ережесі факультет деңгейінде 1 нұсқа 26.06.2025		11 беттің 7-ші

– сандық және сапалық көрсеткіштерді белгілейді: студенттердің үлгерімі, білім алушылардың қанағаттануы, түлектерді жұмысқа орналастыру, академиялық ұтқырлық, ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу және т.б.;

- бөлімшелер мен мүдделі тараптар арасындағы ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді;
- ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді.

Академиялық комитеттер, факультеттердің оқу-әдістемелік комитеттері, ФСҚК:

– университет сайтындағы ІСҚЖ бөлімінде өз қызметі туралы ақпаратты тұрақты жариялайды және деректердің толықтығы мен шынайылығына жауапты болады.

4.3.8 Жұртшылықты хабардар ету:

Факультеттің ІСҚЖ-ның бүкіл құрамы:

– бағдарламалар, іс-шаралар және жетістіктер туралы ақпаратты web-ресурстарда тұрақты түрде жариялап, оның өзектілігін қамтамасыз етеді;

– ақпаратты әртүрлі стейкхолдер топтарына арналған айқын, дәл және объективті түрде ұсынады;

– оқытушылардың, білім алушылардың және жұмыс берушілердің бағдарламаларды әзірлеуге, сапаны бағалауға және сауалнамалар, ашық тыңдаулар, дөңгелек үстелдер, жұмыс топтарына қатысу арқылы жетілдіру шараларын әзірлеуге қатысуын қамтамасыз етеді.

4.3.9 Тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау:

– ФСҚК білім беру бағдарламаларын тұрақты мониторингтеу мен бағалауды ұйымдастырады;

– ОӘК оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді сараптаудан өткізеді;

– АК жыл сайын ББ-на ішкі аудит (өзін-өзі бағалау) жүргізеді және жетілдіру, өзектендіру, жаңарту немесе Реестрден алып тастау туралы шешім қабылдайды;

– Факультет деканы мен факультет кеңесі коллегиялды органдардың қызметін (жоспарлар, мониторинг нәтижелері, ұсыныстар, түзету іс-шаралары нәтижелері және т.б.) талдайды және ішкі сапаны қамтамасыз ету бойынша шешімдер қабылдайды.

4.3.10 Сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету:

Факультеттің ІСҚЖ-ның бүкіл құрамы институционалдық, бағдарламалық және постмониторингтік аккредитацияға дайындық пен өтуге, рейтингтерге қатысуға атсалысады:

– кафедра, ІСҚЖ коллегиялды органдарымен бірлесіп, ББ бағдарламалық аккредитациясының өзіндік бағалау есебін дайындайды;

– декан мен кафедра меңгерушілері аккредиттеу агенттіктерінің сыртқы сарапшылары келген кезде аккредиттеу рәсімдерін ұйымдастырады, аккредиттеу нәтижелері бойынша түзету шараларының жоспарын әзірлейді және жүзеге асырады;

– факультеттің ІСҚЖ-ның бүкіл құрамы кәсіби, ұлттық және халықаралық рейтингтерге қатысу үшін материалдар әзірлейді және ұсынады.

4.4 ІСҚЖ жұмыс тәртібі

4.4.1 ФСҚК, АК, факультеттің ОӘК құрамдары мен оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары қыркүйек айында бекітіледі.

4.4.2 Есептілік: семестр қорытындылары бойынша аралық есеп, жылдық сапа туралы есеп (көрсеткіштер, ББ аудитінің нәтижелері, түзету шаралары және т.б.).

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-029-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрылымы туралы ережесі факультет деңгейінде 1 нұсқа 26.06.2025		11 беттің 8-ші

4.4.3 ББ аясында сауалнама жүргізу және білім алушылардың, түлектердің, ПОҚ-тың, жұмыс берушілердің нәтижелерін талдау ішкі аудит кезеңінде өткізіледі.

4.4.4 Факультеттің ІСҚЖ құжаттары (ереже, бұйрықтар мен өкімдер, отырыс хаттамалары, есептер және т.б.) факультетте сақталады және университет сайтында жарияланады.

4.5 ІСҚЖ құқықтары

– факультеттерден/кафедралардан сапаға қатысты қажетті деректер мен құжаттарды сұратуға;

– түзету шаралары бойынша ұсыныстар енгізуге;

– ішкі аудиттерге қатысуға және олардың нәтижелерін қарауға;

– талаптарға сәйкестігіне байланысты ББ-ны Реестрге ұсынуды/жаңартуды тоқтатуды ұсынуға;

– сыртқы аккредитация рәсімдеріне, рейтингтерге, агенттіктермен байланыстарға қатысуға құқылы.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК

5.1 Университеттік және факультеттік деңгей арасындағы өкілеттіліктерді бөлу:

– Университет деңгейі (Сенат, Басқарушы комитет, ОӘК, АК, Академиялық департамент) сапа саласындағы жалпы саясатты қалыптастырады, стратегиялық мақсаттарды айқындайды, нормативтік құжаттар мен әдістемелік нұсқаулықтар әзірлейді.

– Факультет деңгейі (Факультет кеңесі, ФСҚК, АК, ОӘК) университет саясатын іске асырады, ішкі сапаны қамтамасыз ету рәсімдерін енгізеді, ББ-ның ішкі аудитін (өзін-өзі бағалау) ұйымдастырады және есептер дайындайды.

– Өзара іс-қимыл жылдық жоспарларды бекіту, есептілікті ұсыну және университеттің жұмыс топтары мен комиссияларына факультет өкілдерінің қатысуы арқылы жүзеге асырылады.

5.2 Декан, Факультет кеңесі – ІСҚЖ-ға жалпы басшылық жасайды, саясат пен мақсаттарды бекітеді, ресурстармен қамтамасыз етеді.

5.3 ФСҚК – ESG бағыттарының барлығы бойынша мониторинг пен бағалауды ұйымдастырады, бағалау саясаты мен академиялық адалдық мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, сауалнамалар өткізеді.

5.4 АК – жаңа ББ әзірлеу, өзін-өзі бағалау, аккредитация, Реестрде тіркеу/жаңарту жұмыстарын жүргізеді.

5.5 ОӘК – әдістемелік қамтамасыз ету, әдістемелерді жаңарту, бағалау критерийлері мен рубрикаларын әзірлеу, ПОҚ педагогикалық шеберлігін дамыту.

5.6 Формалды және формалды емес білім нәтижелерін, сондай-ақ кәсіби біліктілікті тану жөніндегі сараптама тобы – мәлімделген оқу нәтижелері мен біліктіліктердің университеттің білім беру бағдарламаларымен сәйкестігін кәсіби тұрғыдан бағалауды жүзеге асырады.

5.7 Кафедралар – ББ-ын іске асырады, силлабустар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді, бағалау саясаты мен академиялық адалдықты сақтайды, деректерді уақытылы енгізеді.

6 ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Өзгерістер Университеттің құжат айналымын басқару тәртібіне сәйкес енгізіледі.

6.2 Өзгерістер жобаларын ФСҚК/АК/ ОӘК әзірлейді, Академиялық департаментпен келіседі, Сенат (немесе басқа алқалық орган) бекітеді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-029-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрылымы туралы ережесі факультет деңгейінде 1 нұсқа 26.06.2025		11 беттің 9-ші

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-029-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің құрылымы туралы ережесі факультет деңгейінде 1 нұсқа 02.10.2025		11 беттің 9-ші

6.3 Өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» белгіленеді.

7 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

7.1 Университет ережесінің талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

7.2 Университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық департаментке жүктеледі.

7.3 Университет ережесінің бақылау данасын СРСО-на сақтауға беріледі.

7.4 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Академиялық департамент жауапты болып табылады.

7.5 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын сала бойынша вице-ректорлар қадағалайды.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер вице-ректоры

 Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

 М. Гиритлиоглу

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

 А. Ошибаева

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы

 С.Кырыкбаева

Заң бөлімінің басшысы

 Г.Мусаханов

